

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ



Energy. Well engineered.



БАСШЫЛЫҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Біз жаңа Parker Wellbore мінез-құлық ережесін қуана ұсынамыз. Біз оны анығырақ, жеңілірек, күштірек ету және оны сенім, ынтымақтастық, жауапкершілік, инновация және табандылық сияқты құндылықтарымызбен анық түрде байланыстыру үшін қайта жазып шығардық.

Мен өз басым бұл Ережені Parker Wellbore компаниясында этика мен адалдық мәдениетін күшейтуді және нығайтуды жалғастыру маңызды болғандықтан енгіздім. Parker Wellbore саяхатының осы сатысында өзімізді жоғары стандартта ұстау аса маңызды, өйткені біз әрқашан да ашық және адал болу, уәделерімізді орындау және дұрыс нәрсе істеу арқылы табысқа жетуіміз керек. Адалдық мәдениетінің күшті болуы бизнестің өнімділігін арттыруға ықпалын тигізеді және біздің жетістікке жетуіміз үшін маңызды. Бұл — менің жеке міндетім дей алатын нәрсе және оны мен әр жұмыскерден күтемін әрі талап етемін.

Мен сіздерден және әріптестеріңізден осы Ережеде жазылған қағидаттарды жауапкершілікпен сақтауды сұраймын. Егер сіз біреудің мінез-құлқына қатысты алаңдаушылық танытсаңыз, мәселені уақтылы және тиісті түрде шеше алуымыз үшін бізге хабарлағаныңызды қалаймыз. Біз ашық түрде хабарлаудың оңай немесе ыңғайлы емес екенін түсінеміз, сондықтан біз алаңдаушылығыңызды білдірудің бірнеше тәсілін ұсынамыз және сізге кез-келген кек алушылыққа жол берілмейтінін баса айтамыз.

Мына Ережені оқып, есіңізде сақтаңыз және біз өз құндылықтарымызды үнемі ойымызда ұстауымыз керектігін ұмытпаңыз. Біз бір команда болып ұзақ жолды бірге өткердік, біз әлемдік нарықтың көшбасшысы болу мақсатына жете аламыз.



Сэнди Эсслемент

Президент және бас директор

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

+1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОРДАН КЕЛГЕН ХАБАР

Parker Wellbore компаниясының талаптарды сақтау жөніндегі бас маманы ретінде мен тәуекелдерге негізделген шешімдерді дұрыс деңгейде қабылдауға кепілдік беру үшін бизнесімізді қауіпсіз, заңды, адал және сапалы түрде, сондай-ақ компаниямыздың стандарттарына сәйкес жүргізуге міндеттімін.

Мен Parker Wellbore компаниясының әрбір директорынан, бас мамандарынан, жұмыскерлерінен, филиалдарынан, еншілес компанияларынан, мердігерлерінен және агенттерінен сондай шынайы берілгендікті күтемін. Ешкімге ешқандай жеңілдік болмайды. Директорлар кеңесінің Parker Wellbore-дің аудит жөніндегі комитетінің тікелей өкілі ретінде, біздің іскерлік адалдыққа және талаптарға сәйкес қызметіміз кез-келген ережені бұзатын қандай да бір мәселені шешуде дербес жұмыс істейтініне кепілдік беремін.

Parker Wellbore мінез-құлық ережесі біздің заңдарымызды, нормалық талаптарымызды және этикалық стандарттарымызды және орналасқан жерімізге немесе лауазымымызға қарамастан, ісіміз бен жұмыскерлерімізден не күтетінімізді сипаттайды. Бұл жеткізушілермен, әріптестермен, серіктестермен, мемлекеттік қызметкерлермен және басқалармен бизнес жүргізу кезінде миссиямызды, көзқарасымызды және негізгі құндылықтарымызды қалыптастырады. Бұл Ереже Parker Wellbore саясаттарының арасында ең жоғарғы дәрежеге ие. Біз әрқайсымыз Ережені әр уақытта оқуға, түсінуге және орындауға жауаптымыз. Ережеге ерекше жағдайлар немесе ауытқулар енгізуге рұқсатты Тек Мен (біздің Аудит жөніндегі комитетіміздің келісімі бойынша) бере аламын.

Ережеде күнделікті жұмысыңызда кездесетін жалпы заңға, нормалық талаптарға және этикаға қатысты мәселелер қарастырылғанына қарамастан, белгілі бір жағдайға қатысты сұрағыңыз немесе алаңдаушылығыңыз болса, жетекшіңізге, іскери этика және талаптарды орындау бөліміне немесе этика бойынша жедел желіге жүгінуіңіз тиіс. Ықтимал мәселелер немесе заң бұзушылықтар туралы хабардарлықты арттыру біздің мәдениетіміздің бір бөлігі болып табылады және біз адал ниетпен жасалған хабарламалар үшін ешқашан жаза қолданбаймыз.

Parker Wellbore адалдық негізінде сәтті мұра құрды. Дұрыс нәрсе істеу дегеніміз Parker Wellbore жолымен жүру дегенді білдіреді. Үнемі өзгерістер орын алып жатқан ортада мақсаттарымызға жету үшін этика мен адалдықты ұстануыңыз өте маңызды болып табылады.

Натали Скотт

**Заңдардың сақталуын бақылау
жөніндегі бөлімнің бастығы**



МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)
+1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Миссия, көзқарас және құндылық | 4 |
| Істегі адалдық | 4 |
| Мәселелер туралы хабарлау және кек алушылыққа қарсы күрес | 4 |
| Біз ESG-ға (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқаруға) сенеміз | 5-6 |
| Халықаралық сауда-саттық | 7 |
| Бизнесімізді жауапты түрде жүргізу | 8 |
| Технологиялық дамыған компания | 8 |
| Мүдделер қайшылығы | 9 |
| Ішкі басқару органдары | 9 |
| Ойын-сауық, саяхат, сыйлықтар және қайырымдылықтар | 9 |
| Үшінші тараптармен қарым-қатынас | 10 |

КӨЗҚАРАС, МИССИЯ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Этикалық және жауапты жұмыс орнын құру және оны қолдау негізі ретінде Parker Wellbore (бұдан әрі "Parker") мінез-құлық ережесі (бұдан әрі "Ереже") біздің ортақ құндылықтарымызға негізделген және Parker-дің ортақ миссиясы мен көзқарасын одан әрі нығайтады. Біз миссиямызға, көзқарасымызға, құндылықтарымызға және Ережеге әрекет етудің нұсқаулығы ретінде сенім артамыз.

ІСТЕГІ АДАЛДЫҚ

Parker және оның адамдары әрқашан адал әрекет етуі керек. Ереже — біздің мінез-құлқымыздың нұсқауы, бірақ ол біз кездестіретін барлық жағдайларды қамтымайды. Алайда, бұл құндылықтарымызды мінез-құлқымызға қалай енгізетініміз және қалай шешім қабылдайтынымыз туралы ойлануға көмектеседі. Біз әрқашан заңдар мен ережелерді (оның ішінде Parker саясаты, рәсімдері, директивалары және сенім мен жауапкершілік міндеттемесі) сақтаймыз.

МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ КЕК АЛУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Ереже туралы сұрақтарыңыз болса, алдымен жетекшіңізге хабарласуыңыз керек. Егер сізге қосымша көмек керек болса немесе жетекшіңізге не басқа да жергілікті басшылыққа сұрақтарыңыз бен алаңдаушылықтарыңызды айтуға ыңғайсыздансаңыз, сіз іскерлік этика және талаптарды орындау бөлімімен байланыса немесе біздің этика бойынша жедел желіміз арқылы хабар жібере аласыз. Хабарламаны анонимді түрде жібере аласыз.

Parker біздің Ережеміздің, саясатымыздың немесе заңның бұзылу мүмкіндігі туралы адал ниетпен хабарлаған кез-келген жұмыскерден кек алуға тыйым салады. Parker кек алуға қатысқан кез келген жұмыскерге қарсы еңбек шартын тоқтатуға дейінгі тәртіптік шара қолданады.

ОСЫ ЕРЕЖЕ БОЙЫНША ЖҰМЫСКЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

- Этикалық мінез-құлықтың мысалы мен үлгісі болу арқылы басқаларды талаптарды орындауға шақырыңыз.
- Жұмыскерлерді кек алудан қорғау.
- Қызметімізді саясатымызға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырып жатқанымызға көз жеткізу.
- Команда мүшелерін әрекеттеріне жауап беретіндей етіп ұстау.
- Жұмыскерлердің әрқайсысына әділдікпен және сыйластықпен қарау.
- Мүдделер қайшылығының немесе басқа әдепсіздіктердің пайда болуына жол бермеу.
- Жұмыскерлерді үйренуге, кеңес алуға және жетекшілерге немесе этика бойынша жедел желіге проблемалар туралы батыл түрде хабарлауға шақыру.

КӨЗҚАРАС

Parker компаниясының көзқарасы — ұңғыманы салу кезінде тәуекелдерді азайту және өнімділікті оңтайландыру тұрғысында таңдаулы жаһандық серіктес болу.

МИССИЯ

Parker компаниясының миссиясы — күн сайын біздің клиенттермен ең тиімді ұңғымаларды тұрақты және қауіпсіз түрде салуда ынтымақтасу.

НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Біздің мәдениетіміз біздің жұмыскерлеріміз күнделікті ұстанатын берік құндылықтар жиынтығына негізделген. Біздің негізгі сенім, ынтымақтастық, жауапкершілік, инновация және табандылық түріндегі құндылықтарымыз бізді дұрыс нәрселерді істеуге, клиенттермен келісімге баруға, серіктестік қатынастарды, өз шешімдерімізді іздеуге, жұмыс нәтижелерін жақсартуға және рұқсат етілген шектерді кеңейтуге итермелейді.

БІЗ ESG-ҒА (ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА) СЕНЕМІЗ

Компания ретінде тұрақтылыққа қол жеткізу әдісіміз өте маңызды екенін түсінгендіктен, біз этика мен адалдық мәдениетін бір-бірімізге, клиенттерімізге және барлық мүдделі тараптарға көрсету үшін үнемі жұмыс істеудеміз.



ҚОРШАҒАН ОРТА: Қоршаған ортаны қорғау

ӘЛЕУМЕТТІК: Адамдарды сыйлау, бөлектемеу мәдениеті және адам құқықтары

БАСҚАРУ: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ашық пікір айту

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Parker компаниясында біз қызмет ету кезінде және біз өмір сүріп, жұмыс істейтін қоғамдастықтарда қоршаған ортаны қорғауды басты орынға қоямыз. Parker Wellbore — әлемдегі ең нәзік және қатал жағдайлардағы бұрғылау саласының көшбасшысы. Біздің тұрақты түрдегі жоғары көрсеткіштеріміз — экологиялық талаптарды сақтау жөніндегі кешенді бағдарламаларымыздың, озық практикалар мен технологияларды, оқытылған және білікті жұмыскерлерді пайдаланудың нәтижесі. Стандартталған процестер мен рәсімдер жұмыскерлерімізге қоршаған ортаны қорғау бойынша үміттеріміз бен талаптарымыз туралы хабардар болуға және біздің жұмысымызға байланысты тәуекелдерді басқару бойынша мүмкіндіктерімізді жақсартуға көмектеседі.

КЛИМАТТЫҚ АУЫСУ ЖОСПАРЫ

Parker компаниясы қайда және қандай болмасын, бүгінгі және ертеңгі жер қойнауының энергетикалық мәселелерін шешуге көмектесуге әзір. Жер қойнауына қол жеткізу энергетикалық қауіпсіздік үшін де, қауіпсіз энергетика түріне ауысу үшін де маңызды. Әлемдік экономика үшін мұнай мен газдың маңыздылығын жоғалтпай, Parker компаниясы ұңғымалар құрылысында өз тәжірибесін ұсына отырып, энергетикалық түрлендіру саласында белсенді түрде әрі қарай кеңеюде.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Parker жұмыскерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігіне баса назар аударады. Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатымызды ұстануымыз керек және қауіпті еңбек жағдайлары немесе саясаттың бұзылуы туралы дереу хабарландыру алуымыз керек.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӘНЕ АШЫҚ ПІКІР АЙТУ

Parker тек акционерлерге ғана емес, барлық мүдделі тараптарға да негізгі міндеттемелерге негізделген корпоративтік мақсатты құра отырып, әлеуметтік тұрғыда жағымды әсер етуді қолдайды. Біздің жетістіктерге әрқашан шынайы еңбектің, сенім мен адалдықтың арқасында жетуіміз керек. Parker компаниясында, қандай лауазымға ие болсаңыз да, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа немесе басқа да заңсыз әрекеттерге ешқандай жол берілмейді. Parker өз атынан бизнес жүргізетін кез келген адам парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы қолданыстағы заңдарды ұстанады деп күтеді.



С: Консультант мен жұмыс істеп жатқан жобаға байланысты талап етілетін лицензияны тезірек алу үшін белгілі бір мемлекеттік қызметкерге "тездету ақысын" беруді ұсынды. Біз мемлекеттік қызметкерден заңсыз бір нәрсе істеуді сұрап жатқан жоқпыз; біз жай ғана жобаны іске асыру мерзіміне дейін үлгеру үшін процесті сәл тездеткіміз келеді. Сонымен қатар, төлемді Parker емес, консультант төлейді. Содан кейін, Parker келісім бойынша консультация үшін қосымша ақы төлейді. "Тездету ақысын" төлеу дұрыс нәрсе ме?



А: № Parker компаниясында "жеделдету" немесе "жеңілдету" төлемдеріне рұқсат етілмейді. Бұл біз жұмыс істейтін көптеген елдерде заңсыз болып саналады, өйткені бұл – пара беру. Parker парақорлықпен немесе сыбайлас жемқорлықпен айналыспайды және біз агенттерімізге, консультанттарымызға немесе басқа іскери серіктестерімізге біздің атымыздан пара беруге рұқсат бермейміз. Консультант жасаған ұсыныс елеулі заң бұзушылық болып саналады және ол дереу жетекшіге, іскерлік этика және заң талаптарын бақылау бөліміне немесе этика бойынша жедел желіге хабарлануы тиіс.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)
+1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

БІЗ ESG-ҒА (ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА) СЕНЕМІЗ

АДАМДАРДЫ СЫЙЛАУ, БӨЛЕКТЕМЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

АДАМДАРДЫ СЫЙЛАУ

Parker-де біз бір-бірімізді сыйлаймыз, айырмашылықтарды бағалаймыз және кемсітушілік, қорқыту және қысым көрсету болмайтын, бөлектенбейтін орта құруға тырысамыз. Гендерлік ерекшеліктері мен түр-әлпеті, жыныстық бағыты, ұлты, діні негізіндегі және этникалық, түс, мәдени немесе нәсілдік тұрғыда белгілі бір қоғамдар ойлап тапқан немесе қалыптастырған басқа да ерекше «жағымсыз» сипаттар негізінде болған қатыгез қарым-қатынастарға немесе адамның түр-сипатына қарап, оны бөтен деп қабылдау арқылы жасалған жағымсыз қарым-қатынас түрлеріне жол берілмейді.

C: **Бастығымның әрекетінен кейде өзімді ыңғайсыз сезінемін, ол мені ішімдік ішуге шақырады немесе басқа ешкім болмаған кезде романдар туралы әңгімені бастайды. Не істеуіме болады?**

A: Бастығыңыздың мінез-құлқы сізге ұнамаса, ең жақсы шешім — алдымен бастығыңызға ол туралы ашық түрде айту. Бастығыңыз сізді оның мінез-құлқы ыңғайсыздандыратынын білмеуі мүмкін. Егер бұл көмектеспесе немесе бұл туралы бастығыңызбен ашық түрде талқылай алмасаңыз, алаңдаушылықтарыңызды кадрлар бөліміне немесе этика бойынша жедел желіге хабарлай аласыз.

БӨЛЕКТЕМЕУ МӘДЕНИЕТІ: КЕМСІТУ МЕН АЛЫМСАҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Біз жұмыс орнында орын алуы мүмкін кемсіту мен алымсақтыққа дайын болуымыз керек. Біз бәрінен, әсіресе жетекшілер мен басшылардан жұмыс орнындағы кемсіту мен алымсақтыққа алдын алу үшін тиісті шараларды қолданады деп күтеміз.

C: **Әріптестерім жуырда менің гей екенімді және бір жыныстағы жолдасымға үйленгенімді біліп қойды. Олар енді мені іс-шараларға шақыруды қойды және басқалардан менің біліктілігім артық болса да, жобаларға қатыстырмауда. Не істеуіме болады?**

A: Parker компаниясында кез-келген түрдегі (оның ішінде жыныстық бағыт негізіндегі) кемсітулерге қатаң тыйым салынады. Біз кез келген жыныстық бағыттағы жұмыскерлерге қолдау көрсетеміз. Алаңдаушылықтарыңызды кадрлар бөліміне немесе этика бойынша жедел желіге хабарлай аласыз.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Адамның негізгі құқықтарына лайықты әрі қауіпсіз еңбек жағдайлары, мәжбүрлі және балалар еңбегіне тыйым салу, сондай-ақ қоғам мен қауіпсіздікті құрметтеу жатады. Parker компаниясында біз Біріккен Ұлттар Ұйымының бизнес және адам құқықтары саласындағы нұсқауларына сәйкес, барлық халықаралық мойындалған адам құқықтарына құрмет көрсетеміз. Біз бизнесімізге қатысты және құндылықтарымыздың тізбегінің әсеріндегі барлық адамдарға лайықты түрде қарауға тырысамыз.

C: **Мен бір жеткізушіге бардым. Жеткізушінің мекемесінде жүргенде мен тым жас көрінетін жұмысшыларды байқадым. Не істеуіме болады?**

A: Бірден жетекшіңізге хабарлаңыз; содан кейін іскери этика және талаптардың орындалуын бақылау бөліміне, заңгерлік бөлімге немесе жеткізілім тізбегін басқару бөліміне хабарласыңыз. Сондай-ақ, егер сіз балалар еңбегін пайдаланудың белгілері байқалатын кез-келген оқиға мен жағдайға куә болсаңыз, сіз ол туралы хабарлау үшін Parker компаниясының этика бойынша жедел желісі сияқты кез-келген ақпараттық арнаны пайдалана аласыз.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ

Parker компаниясында біз кедендік және импорттық талаптарды, экономикалық санкцияларды, экспорттық және кері экспорттық бақылауды, бойкотқа қарсы нормаларды сақтау туралы заңдарды және ақшаны жылыстатуға қарсы заңдарды сақтауымыз керек.

ИМПОРТ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ

- С:** Импорт және экспорт деген не?
- А:** Физикалық заттардың, бағдарламалық жасақтаманың немесе технологияның бір елден екінші елге кіріп-шығуы. Кейбір жағдайларда бұған файлдарды жіберу мен электрондық тасымалдаулар да кіруі мүмкін.
- С:** Менен тапсырыс берушіге жоғары дәлдіктегі өңдеу құралдарын жеткізу сұралды. Мен не істеймін?
- А:** Тікелей жетекшіңізге және жеткізілім тізбегін басқару бөліміне хабарласыңыз. Кейбір коммерциялық тауарларды жеткізу немесе тасымалдау әскери немесе басқа бір экспортты бақылау шектеулері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Экспорттаудан бұрын, жеткізілім тізбегін басқару бөлімінен жеткізілімді мақұлдау құжатын алу керек.

ҚОЛМЕН ТАСЫМАЛДАНАТЫН ЖҮКТЕР

- С:** Ертең мен Parker компаниясының GeoMarket бөлімдерінің бірінде болатын операцияға қатысу үшін халықаралық рейспен ұшамын. Соңғы сәтте менен ұшақта бір қол жүгін алып өту сұралды. Parker иелігіндегі нысанның бірінде механикалық және техникалық мәселе туындады және бұл зат ақаудың алдын алуға өте қажет екен. Ол заттың кішкене ауыр және көптеген сымдары бар болғанына қарамастан, ол өте шағын болды. Зат менің қолға ұстайтын сөмкеме оңай сыяды немесе мен әуежайда үлкен сөмкені тіркей аламын. Не істеуіме болады?
- А:** Жеткізілім тізбегін басқару бөлімімен және GeoMarket заңгерімен кеңесіңіз. Мүмкін болса, біз халықаралық ұшу арқылы қол жүгі ретінде коммерциялық тауарларды тасымалдаудан аулақ болуымыз керек. Қол жүгі ретінде тасымалданатын халықаралық тасымалдаудың басқа әдістерін қолдануға болады, мысалы, тауарларды шағын қаптамалы әуе курьерлерімен немесе жүктерді әдеттегі әуе тасымалы жүгінің бір бөлігі ретінде жеткізу. Сіз межелі жерге баратын тауарларды жеткізу үшін курьер ретінде әрекет ететіндіктен, жеткізілім тізбегін басқару бөлімі компанияның саясатына қосымша қолданылатын ішкі және шетелдік заңдардың сақталуын қамтамасыз ету үшін сіздің әрекеттеріңізді алдын-ала талдап шығуы керек.

БОЙКОТҚА ҚАРСЫ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

- С:** Менде біздің тауарларымызды Азияға жібергісі келетін бір клиент бар, бірақ клиент межелі жердің қайда екенін айтқысы келмейді. Не істеуіме болады?
- А:** Көптеген елдер басқа елдерге экономикалық санкциялар енгізді, олардың кейбіреулері белгілі бір елдерге тауарларды импорттауға тыйым салады. Тауарлар мен қызметтер санкцияларға ұшыраған адамдарға немесе санкцияларға ұшыраған елдерге жеткізілмеуін қадағалау үшін "Өз жобаңды біл" ("KYR") процесін орындауды ұмытпаңыз. Мысалы, қазір Солтүстік Кореяға қарсы экономикалық санкциялар салынған. Сондықтан біз жөнелтілетін заттарымыздың қай жерге жеткізілетінін әрқашан айқын білуге тиіспіз.

АҚШАНЫ ЖЫЛЫСТАТУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Parker ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңдарды, ережелер мен қағидаттарды сақтауға берілген. Parker ақшаны жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға жол бермейді, ықпал етпейді және қолдамайды.

- С:** Ақшаны жылыстату дегеніміз не?
- А:** Ақшаны жылыстату әрекеті клиенттерден, жеткізушілерден, іскери серіктестерден және агенттерден ақша алуды немесе аударуды қамтитын кез келген іскерлік қатынаста орын алуы мүмкін. Бұл есеп беру немесе бухгалтерлік есеп талаптарынан жалтаратындай етіп жасалған мәмілелер немесе заңсыз әрекеттен алынған ақша көзін жасыратын мәмілелер туралы болуы мүмкін.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

+1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

БИЗНЕСІМІЗДІ ЖАУАПТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗУ

АКТИВТЕРІМІЗДІ ҚОРҒАУ

Активтерді қорғауға келетін болсақ, біз зияткерлік меншікті қоса алғанда, Parker компаниясының активтерін, құжаттарын, құпия деректері мен ақпаратын, ресурстары мен меншігін қорғау және тиімді пайдалану үшін алдын-ала шаралар қабылдауға міндеттіміз. Сонымен қатар, сіз компанияның ешбір жүйесін заңды, саясатымызды бұзатын немесе Parker беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер үшін пайдалана алмайсыз.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Цифрлық жүйелер мен олар арқылы өңделетін және сақталатын ақпарат Parker үшін өте маңызды болып табылады. Parker компаниясының цифрлық жүйелерін пайдаланатын кез келген адам, жұмыскер мен үшінші тарап, соның ішінде уақытша қол жеткізу рұқсаты бар тұлға бұл ресурстардың тиісті түрде пайдаланылатындығына және тиісті деректерді қорғау немесе киберқауіпсіздік саясатына сәйкес пайдаланылатындығына көз жеткізуі керек.

Заң бұзушылық байқалған жағдайда дереу жетекшіңізге хабарласыңыз. Жетекшіңіз Parker компаниясының құпия ақпараты мен мүлкін қалай қорғауға болатындығын анықтау үшін ақпараттық технологиялар бөліміне хабарлама жібереді.

ҚҰПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ АҚПАРАТ

Біз бизнеске, клиенттерге, қызметкерлерге, жұмыскерлерге және үшінші тараптарға қатысты құпия деректер мен ақпараттарды құрметтейміз және олардың құпиялылығын қорғаймыз. Біз жұмыскерлер мен үшінші тараптар берген жеке ақпаратты Parker саясаттары мен директиваларына немесе заңдарға сәйкес пайдалана және жария ете аламыз. Сіз бұрынғы жұмыс берушіңіздің құпиялық ақпаратын пайдалана алмайсыз.

АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА

Біз білікті артықшылыққа кәсіби тәжірибеміздің ерекшелігі мен өнімдеріміздің, шешімдеріміздің және көрсететін қызметтеріміздің сапасы арқылы қол жеткізетінімізді түсінеміз. Біз бәсекелестікке бағытталған мінез-құлқымызға адалмыз және жұмысты немесе басқа да жеңілдіктерді қамтамасыз ету үшін жеке біреуге ынталандыратын нәрсе ұсынбаймыз. Parker баға туралы ақпаратты бәсекелестерімен бөліспейді және басқалардың нарықта бәсекелес болуына әділетсіз түрде кедергі келтіретін кез-келген нарықтық тәжірибеге қатыспайды.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМЫҒАН КОМПАНИЯ

Parker-де біз адал компания беделін жинау және сақтау үшін ойымызды үнемі жетілдіруге ұмтыламыз. Parker компаниясында бизнес жүргізетін барлық аймақтарда этикалық іскерлік мінез-құлықты алға жылжыту үшін технологияны басқару жүйесін қолданатын жаңашыл мамандар жұмыс істейді. Біз автоматизацияны, бұлт негізіндегі жүйелерді және деректерді талдауды тәуекелді азайту үшін және Parker компаниясын болашаққа, соның ішінде жасанды интеллект, блокчейн және метабалам — өміріміз үшін маңызды болатын барлық салаларға бейімдеу үшін пайдаланамыз.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (өлем бойынша тегін қоңырау) | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)



МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Біз адал, әдепті түрде және Parker мүддесі үшін әрекет етуге міндеттіміз. Біз жеке мүдделер қарама-қайшылыққа түсетін немесе Parker мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан аулақ болуымыз керек.

С: Менің жұбайым Parker компаниясымен іскерлік серіктестігі бар компанияда жұмыс істейді. Parker компаниясында жұмыс істей отырып, мен де осы компаниямен мезгіл-мезгіл байланыс орнатып тұрамын. Бұл проблема ма?

А: Кез-келген проблемадан аулақ болу үшін барлық нақты немесе орын алуы мүмкін мүдделер қайшылығын ашып көрсету керек. Сіздің жағдайыңызда мүдделер қайшылығы бар болуы мүмкін және ол мүдделер қайшылығына қатысты саясат бойынша қаралуы керек.

С: Клиенттердің бірі мені жұмысқа алғысы келеді. Клиент менің Parker компаниясымен бәсекеге түспейін бизнесті бастауға көмектесуімді қалайды. Мен клиентке Parker компаниясында жұмыс істемеген кезде ғана жұмыс істеймін. Бұған жол беріле ме?

А: Жоқ. Бұл келісім мүдделер қайшылығына ұқсайды. Басқа адамдар сіз бұл клиентке жеңілдік ұсынып жатқан болуыңыз мүмкін деп ойлауы мүмкін.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН АШЫП КӨРСЕТУ

Сіздің мүддеңіз бен Parker компаниясының мүддесі арасында қандай да бір қайшылық туындауы мүмкін болса, оны жетекшіңізге ашып айтуыңыз керек. Жетекшіңіз сізбен бірге мүдделер қайшылығын жою жоспарын құру және іске асыру бойынша бірігіп жұмыс істейтін болады. Жетекшіңіз бен сіз екеуіңіз шеше алмаған кез-келген мүдделер қайшылығы мәселесін тиісті түрде шешу үшін кадрлар бөліміне хабарлауыңыз керек.

ІШКІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Parker компаниясының бухгалтерлік кітапшалары, жазбалары, шоттары және қаржылық есептері егжей-тегжейлі жүргізілуі керек, компанияның транзакциялары дәл көрсетілуі керек және олар Parker компаниясының ішкі бақылау жүйесіне сәйкес келуі керек.



ОЙЫН-САУЫҚ, САЯХАТ, СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТАР

Ойын-сауық, саяхат, сыйлықтар және қайырымдылықтар заңды және адал іскерлік мақсатта болуы керек. Сыйлықтар, қайырымдылықтар немесе ойын-сауықтар шектеулі мөлшерде және шектеулі жиілікпен ұсынылуы және/немесе қабылдануы және құқық бұзушылықтардың немесе қасақана әсердің болуына жол бермеуі керек.

С: Жеткізушілеріміздің бірі маған шетелде өтетін Еуропа футбол чемпионатының финалдық ойынына екі билет ұсынды. Билеттерді алуыма бола ма?

А: Бұның дұрыс айырбас екеніне көз жеткізу үшін Parker-дің ойын-сауық, саяхат, сыйлықтар мен қайырымдылықтар (ETGD) саясатымен және рәсімдерімен танысып, осы сыйлықты қабылдамас бұрын GeoMarket заңгерінің мақұлдауын алуыңыз керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

С: Менің елімде мереке кезінде ұлттық мұнай компанияларының төменгі деңгейдегі жұмысшыларына жеміс-жидектер, ірімшік және шарап себеті сияқты сыйлықтарды беру әдепкі іс болып саналады. Біз олардан заңсыз нәрсе жасауды немесе Parker компаниясына қандай да бір жеңілдік беруді сұрамаймыз және кез-келген іс процесінің нәтижелеріне әсер етуді мақсат етпейміз. Осы сыйлықтарды бере аламыз ба?

А: Мемлекеттік қызметкерлерге берілетін барлық сыйлықтар үшін сіз Parker заңға сәйкестік порталының (319parkerwellbore.com) ETGD бөлімі арқылы рұқсат алуыңыз керек. Сонымен қатар сіз сыйлықтың орынды не орынсыз екендігін анықтау үшін өз санаңызды пайдалануыңыз керек.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

+1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)

ҮШІНШІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Parker компаниясының үшінші тараптары мен жеткізушілері клиенттерімізге өнімдер мен қызметтерді пайдалану және ұсыну саламызда маңызды рөл атқарады. Басқа тұлғалармен жұмыс істеу кезінде (үшінші тараптар, серіктестер, жеткізушілер немесе клиенттер) Parker осы Ережеде сипатталған сыйластық пен адалдықтың жоғары стандарттарын қолданады. Сондықтан оларды таңдау кезінде сақ болып, адалдықты ұстанатын, біліктілікке ие, адам құқықтарын және барлық қолданыстағы заңдарды ұстанатын үшінші тұлғалармен ғана жұмыс істеуіміз керек....

- C:** Үшінші тарап өкілдері дегеніміз кімдер?
- A:** Жеткізушілер, сатушылар немесе делдалдар — әдетте клиенттер мен мемлекеттік қызметкерлер сияқты сыртқы үшінші тараптардың алдында Parker компаниясының атынан әрекет ететін ұйымдар не жеке тұлғалар.
- C:** Жемқорлықпен күресу заңын үшінші тарап өкілдеріне қолдануға болады ма?
- A:** Иә. АҚШ-тың шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заңы және Ұлыбританияның парақорлық туралы заңы сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар бизнесті алу немесе сақтау мақсатында мемлекеттік шенеуніктер мен үшінші тұлғаларға тікелей заңсыз қаражат беруге тыйым салады. Сонымен қатар, бұл заңдар кеңесшілер немесе агенттер сияқты үшінші тараптар арқылы жасалатын жанама төлемдерге тыйым салады.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ 2022

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: parkerwellbore.ethicspoint.com | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау) | +1 855 214 1480 (тек АҚШ) | +1 678 248 7250 (Әлем бойынша тегін қоңырау)



ШТАБ-ПӘТЕР

2103 City West Blvd, Suite 400
Houston, TX 77042-2835

+1 281 406 2000

www.parkerwellbore.com



Energy. Well engineered.

ЭТИКА БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Этика мәселелері немесе талаптардың орындалмауы туралы шағымдану үшін біздің этика бойынша жедел желімізге (NAVEX Global басқаратын) келесі мекенжай бойынша онлайн хабарласыңыз:

parkerwellbore.ethicspoint.com

Осы Ережеге қатысты жалпы мәселелер бойынша жетекшіңізге, адам ресурстары бойынша іскери серіктесіңізге, заң бөліміне, іскери этика мен нормалардың орындалуын бақылау бөліміне немесе compliance.specialist@parkerwellbore.com мекенжайына хабарласыңыз.